

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі аудандық Кеңес туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімиятының 2003 жылғы 16 маусымдағы № 114 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2003 жылғы 1 шілдеде № 2350 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі № 267 "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі № 377 "Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы" Жарлығын жүзеге асыру, ауданның атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіруді жақсарту мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңның 31 бабы 1 тармағы 17 тармақшасына сәйкес, Науырзым ауданының әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімінің жанынан қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі аудандық Кеңес құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған аудан әкімінің жанындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі аудандық Кеңес туралы Ереже бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудан әкімі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Қ о с т а н а й о б л ы с ы

Н а у ы р з ы м а у д а н ы ә к і м и я т ы н ы ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 1 6 м а у с ы м д а ғ ы

№ 114 қаулысымен бекітілген

Аудан әкімінің жанындағы қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі аудандық Кеңес туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі аудандық Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) аудан әкімі жанындағы ақыл кеңес органы болып табылады, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру мәселелерінде ауданның атқарушы, құқық қорғау және басқа мүдделі мемлекеттік органдарының қызметін ведомствоаралық үйлестіруді қамтамасыз етеді.

2. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына,

еліміздің Президенті мен Үкіметінің актілеріне, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдеріне және осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

3. Кеңестің дербес құрамын аудан әкімінің ұсынуымен аудандық мәслихат бекітеді.

2. Кеңестің негізгі мақсаттары

4. Кеңестің негізгі мақсаттары мен міндеттері:

1) ауданның атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру салаларында ведомствоаралық үйлестіру қызметін қамтамасыз ету, құқық тәртібі мен заңдылықтарды нығайту;

2) аудандағы қалыптасқан құқықтық жағдайды талдау, қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөніндегі шаралардың жоспарларын әзірлеу және аудандық мәслихатқа бекітуге ұсыну;

3) құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі тәжірибесін жинақтау;

4) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Заңдарын, еліміздің Президенті мен Үкіметінің актілерін, аудан әкімінің шешімдері мен өкімдерін орындау барысын зерттеу;

5) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдарға ауданда құқық қорғауды және заңдылықтарды қамтамасыз ету жөнінде ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Кеңестің қызметі

5. Кеңес мынандай қызметтерді жүзеге асырады:

1) Кеңестің мәжілістерінде атқарушы, құқық қорғау органдарының ауданда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру жағдайын қарайды ;

2) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың басшыларының қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөніндегі есептерін тыңдайды ;

3) жоғарыда аталған жұмыстарды жақсарту жөнінде ұсынымдар даярлайды;

4) Кеңеске жүктелген өзге міндеттерді орындайды.

4. Кеңестің өкілеттігі

6. Кеңес негізгі мақсаттарды жүзеге асыру және өз міндеттерін орындауда мынандай құқыққа ие болады :

1) атқарушы, құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардан Кеңестің құзырына енетін ақпараттарды, құжаттарды және материалдарды сұрастыруға және алуға;

2) қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ұйымдастыру жөнінде

ұсынымдар және ұсыныстар әзірлеу;

3) құқық қорғау және өзге мемлекеттік органдардың қызметкерлерін Кеңестің мәжілісіне материалдарды әзірлеу үшін тарту.

5. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

7. Кеңес жоспарға сәйкес жұмыс істейді:

1) оның мәжілісі тоқсан сайын және қажеттігіне қарай өткізіледі;

2) Кеңес мәжілісін Төраға, орынбасары немесе оның тапсырмасымен Кеңестің бір мүшесі өткізеді. Оған Кеңес мүшелерінің жартысынан көбі қатынасса құқылы болып е с е п т е л е д і ;

3) Кеңестің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады, ол хаттамамен ресімделінеді және оны Төраға бекітеді.